

Түркістан облысы Шардара қаласы
«№2 Жамбыл Жабиев атындағы бастауыш мектебі»
бастауыш сынып мұғалімі
Бохасева Гулжаухар Курмангаевна
Ерте, ерте, ертеде.
Ұр, тоқпақ (Ертегі)

Мақсаты:	2.1.4.1 - сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, вербалды емес тілдік құралдарды қолдану 2.2.2.1 - мұғалім көмегімен қарапайым және нақтылау сұрақтарын қою және оның жауабын шығармадан таба білу			
Сабақ барысы	Оқытушының іс- әрекеті	Оқушының іс- әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	I. Ұйымдастыру бөлімі Психологиялық ахуал қалыптастыру «Құлақ мұрыш» жаттығуы Балалар шеңбермен жүреді. Жүргізуші құлақ деп мұрынның ұстайды. Ал балалар айтылған мүшені дұрыс көрсетулері тиіс. Жүргізуші балалардың зейіні мен қабылдауын тексеру мақсатында оларды шағастырып айтады. Алтын ереже: • Сабақта бір – бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз. • Уақытты үнемдейміз • Нақты, дәл жауап береміз Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз. II. Үй тапсырмасын сұрау «Жуан және жіңішке сұрақтар» - Ауырып жатқан арыстанның жағдайын білуге не келді? - Түлкі арыстанға қандай ем айтты? - Ертегі неліктен Аңқау арыстан деп аталды? - Өмірде түлкі сияқты адамдар кездесе ме? - Қазіргі кезде арыстан сияқты аңқау адамдар кездеседі ме? - Түлкі есекті қалай алдайды? - Түлкі есекті қайда алып келді? - Түлкі арыстанды алдау үшін қандай құлық жасады? - Арыстан көлге кеткендегі түлкінің іс-әрекеті қандай болды? Ертегіден өзіңе қандай ой түйдің? Сабақтың тақырыбын хабарлау Сабақтың мақсатымен таныстыру	Оқушылар қайталап айтады	Формативті бағалау үнемі жүргізіліп отырады. Гүлдердің суреттерін тарату арқылы бағалау жүргізіледі 	Оқулықта р суреттер Кеспелер Сызғыш қарындаш тар Қайшы Қағаздар беріледі.
Сабақтың ортасы	I. Жаңа материалды игерт 1. «Миға шабуыл» әдісі. - Ертегі көбіне қалай басталады? Ерте, ерте, ертеде. Балалар әдебиеттік оқу сабағынан Ұр тоқпақ ертегісімен танысамыз. Ұр, тоқпақ ертегісін бейне роликтен тамашалаңыздар. 2. «Кинометафора» әдісі Видео көрсетілім 3. Шпрату тапсырмалары: ↓ Неліктен Қазбайдан әкелінген қазанда еш нәрсе піспей қалды? Балалар қазанды айырбастап алып қояды. ↓ Балалардың іс- әрекетіне өз көз қарасыңды	Дескриптор: 1. Ертегінің мазмұнының түсінеді; 2. Ертегінің мазмұны бойынша сұраққа жауап береді; 2. Бір-бірін тыңдап толықтырады ;	Гүлдердің суреттерін тарату арқылы бағалау жүргізіледі 	Оқулықта р суреттер Кеспелер Сызғыш қарындаш тар Қайшы Қағаздар беріледі.

	білідір. Балалардың қазанды айырбастағаны дұрыс болмады. Шалдың айтқанын тыңдауы керек еді. ↓ Шал қандай көңіл күйде қалды деп ойлайсың? Таңғалды, күмәнданды, ашуланды. ↓ Сен шалды қалай жұбатар едің? ↓ Оған қалай көмектесер едің? ↓ Осы бағытта ертегіні аяқта. 4. Мәтін бөліктерін анықтап, жоспар құрайық. Мәтінді төмендегідей ретпен әңгімелендер 1 топ «Піс, қазаным, піс» 2 топ «Құс есегім құс» 3 топ «Ұр, тоқпағым, ұр» 4 топ Қаздың тұзаққа түсуі 5 топ Шалдың қазды іздеп шығуы		Гүлдердің суреттерін тарату арқылы бағалау жүргізіледі 	
Сергіту сәті	Сергіту сәті  Жоғары қарап күн көрдім, Төмен қарап жер көрдім. Оңға, солға бұрылып, Егеменді ел көрдім.	Қимылды жаттығулар жасау арқылы бойымызды сергітіп алайық		Көңілді музыка ойнатылады.
	7. Шығармашылық жұмыс «Еркін пікір» әдісі пікірінді дәптеріне түсіріп жаз Шал қандай көңіл күйде деп ойлайсың? Оған қалай көмектесер едің? Осы бағытта ертегіні аяқта. Сызбаны түсіндір Бүгінгі оқылған ертегі қай топқа жатады? Ертегілер Жан – жануарлар Қиял – ғажайып Тұрмыс - туралы ертегілер ертегілері салт ертегілері Қиял-ғажайып ертегілер халықтың арманынан қиялынан туған. Ертегілердің кейіпкерлері-өмірде болмаған, адамның қиялынан туған кейіпкерлер. 5.39-беттегі ертегіге берілген суретке зер сал. Қандай оқиға сәйкес келеді? Әңгімеле. Сен қандай сурет салар едің?	Дескриптор: Ұр, тоқпақ» ертегісі қай топқа жататынын айтады. ертегіге берілген суретке зер салады. Қандай оқиға сәйкес келеді.	Гүлдердің суреттерін тарату арқылы бағалау жүргізіледі 	Оқулықта р суреттер Кеспелер Сызғыш қарындаш тар Қайшы Қағаздар беріледі.
Сабактың соңы Қорытынды кезеңі	8. Бекіту «Бес саусақ» әдісі «БЕС САУСАҚ» ӘДІСІ 	Дескриптор: Бес саусақ әдісін пайдалып, сабақты қаншалықты түсінгенін белгілейді.	Гүлдердің суреттерін тарату арқылы бағалау жүргізіледі 	
Үйге тапсырма 38-40 бет оқу.				